





Дәріс №8
**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ӘЛЕУЕТІ**

**ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР
ТОКБЕРГЕНОВА АЙГУЛ АБДУГАППАРОВНА**



МАЗМҰНЫ

- Демографиялық әлеует
- Қазақстан халқының жалпы саны мен өсу динамикасы
- Аймақтық демографиялық ерекшеліктер
- Халықтың жыныстық және жас құрылымы
- Көші-қон үрдістері
- Демографиялық саясат және мемлекеттік бағдарламалар
-



ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

- Демографиялық әлеует — елдің еңбек ресурстарын, экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін халық санының, құрылымының және сапасының жиынтығы. Мемлекеттің даму мүмкіндігін айқындайтын адам капиталының негізі.
- Бұл ұғымға халықтың жасы, жынысы, денсаулық жағдайы, білім деңгейі, көші-қон белсенділігі сияқты факторлар кіреді.



Қазақстан үшін демографиялық саясаттың маңызы:

- Жер көлемі аумақты, бірақ халық тығыздығы төмен мемлекет (*орташа тығыздық шамамен 7 адам/км²*).
- Демографиялық саясат елдің еңбек ресурстарын толықтыруға, аймақтық теңсіздікті азайтуға, жастар мен отбасыларды қолдауға бағытталған.
- Мемлекет туу көрсеткішін арттыру, өмір сүру ұзақтығын көбейту, және көші-қон тепе-теңдігін сақтау арқылы ұлттық қауіпсіздік пен тұрақты даму мақсатын көздейді.


ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ МЕН ӨСУ ДИНАМИКАСЫ

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, **2025** жылғы деректер бойынша Қазақстан халқының жалпы саны **20,4** миллион адамды құрайды.

- Қала халқы — **12 953 785** адам (шамамен **63%**)
- Ауыл халқы — **7 472 783** адам (шамамен **37%**)


Бұл көрсеткіш урбандалу деңгейінің жоғарылағанын, яғни халықтың көбі қалада шоғырланғанын көрсетеді.






Қазақстандағы аймақтар бойынша халық саны


Халық санының аймақтар бойынша көрінісі, 2025 ж



Өңірлер бойынша халық саны, (мың адам)



Демографиялық жүктеме коэффициенттері



ХАЛЫҚТЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан халқының жалпы саны — **20,4** миллион адам.

- Әйелдер — **10 442 746** адам (**51%**)
- Ерлер — **9 983 822** адам (**49%**)

Жыныстық құрылымдағы айырмашылық шамалы, алайда әйелдер үлесінің аздап басым болуы — өмір сүру ұзақтығының айырмашылығына байланысты.

- Әйелдердің өмір сүру ұзақтығы — **75,6** жас
- Ерлердің өмір сүру ұзақтығы — **69,4** жас

Қазақстан халқының жас құрамы келесідей:

- Жасөспірімдер (**0–14 жас**) — шамамен **28%**
- Еңбекке қабілетті жас (**15–64 жас**) — **61%**
- Қарттар (**65** жастан жоғары) — **11%**


Бұл деректер ел халқының басым бөлігі жұмыс жасындағы топқа жататынын көрсетеді.

Қарт адамдар үлесінің біртіндеп өсуі қартаю үрдісінің басталғанын аңғартады.

Қазақстанда әрбір **100** еңбекке қабілетті адамға шамамен **63** еңбекке қабілетсіз адамнан (балалар мен қарттар) келеді.

Бұл көрсеткіш экономикалық белсенді тұрғындардың мойнындағы әлеуметтік жүктеменің деңгейін сипаттайды.

Өңірлердегі қазақ үлесі (2025)



ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ

Елде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүреді. Мұндай этникалық алуантүрлілік тарихи көші-қон мен Кеңес дәуіріндегі депортациялардың нәтижесі болып табылады.

2024 жылғы деректерге сүйенсек, халық саны шамамен 20,1 миллион адамды құрайды. Оның ішінде **қазақтар – 71,4%, орыстар – 15,5%, өзбектер – 3,3%, украиндар – 1,9%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1%, немістер – 0,9%, басқа ұлттар – 4,6%**. Әр этнос белгілі бір аймақтарда шоғырланған: орыстар мен украиндар – Солтүстік және Шығыс Қазақстанда, өзбектер – Түркістан мен Жамбыл облыстарында, ұйғырлар мен дүнгендер – Алматы облысында, немістер мен кәрістер – Қарағанды мен Ақмолада.

Қазақстанда этносаралық келісімді сақтау мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмыс істейді. Әр ұлттың мәдени орталығы, тілдік мектебі мен ұлттық мерекесі бар.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІ

1

2024 жылы Қазақстан мемлекетіне тұрақты тұру үшін келгендердің саны **29 282** адам болған, ал елден кеткендер — **12 732** адам. Жылдық өсім бойынша келгендер саны **15,3 %**-ға өскен, кеткендер саны **20,9 %**-ға азайған. Ішкі көші-қон (аймақтар арасындағы) **2024** жылы **2023** жылмен салыстырғанда **47,6 %**-ға артқан.

2


Сыртқы көші-қон кезінде басты бағыттар: келгендердің **81,6 %**-ы ТМД елдерінен, кеткендердің **74,8 %**-ы сол бағыттар бойынша.

3

2023 жылы ішкі көші-қон бойынша, үдерісті жүргізгендердің басым бөлігі **25-29** және **30-34** жас аралығында болған. Негізгі себеп — жұмыс орындарын ауыстыру.




ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІП КЕЛГЕН ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАР (ҚАНДАСТАР)



Көшіп келген этникалық қазақтардың ағыны

Бұл кезеңде мемлекет алғаш рет көші-қон саясатын жүйелеп, «Қандастарды қабылдау квотасын» енгізді.

Сонымен қатар «Нұрлы көш» және аймақтық бағдарламалар арқылы қандастарды елдің солтүстік және орталық өңірлеріне орналастыру жұмысы жүргізілді. Мемлекет қандастарға жер телімдері, тұрғын үй және әлеуметтік көмек ұсынып, тарихи отанына көшуге нақты жағдай жасады.





Демографиялық саясат және мемлекеттік бағдарламалар

«Қазақстан-2050» стратегиясы елдің ұзақ мерзімді даму бағытын айқындап, демографиялық саясатты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Стратегияда халық санын арттыру, өмір сүру сапасын жақсарту және урбанизацияны теңестіру мақсат етілген.




ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША, 2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 19,1 МЛН АДАМДЫ ҚҰРАДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ – 70,4%, ҚАЛАЛЫҚТАР – 59%, АЛ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ – 41% БОЛДЫ. 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ЕЛ ХАЛҚЫ 20,4 МИЛЛИОННАН АСТЫ.



ТУУ МЕН ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТУ БАҒЫТТАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА. СОҢҒЫ ДЕРЕКТЕРГЕ СӘЙКЕС, ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ – 75 ЖАС, АЛ ЕРЛЕРДЕ – 69 ЖАС. СОНЫМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТ “БАЛАПАН”, “ДЕНСАУЛЫҚ”, “ҰЛТТЫҚ ЖОСПАР-2025” СЕКІЛДІ БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІН ҮНТАЛАНДЫРЫП КЕЛЕДІ.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

- Отбасылық және жастар саясатын күшейту – жас отбасыларды тұрғын үймен, жәрдемақымен және балалы болуды қолдау бағдарламаларымен қамтамасыз ету.
- Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қолдауды жетілдіру – ана мен бала денсаулығын қорғау, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру.
- Аймақтық теңсіздікті азайту – ауыл мен қала арасындағы инфрақұрылым мен жұмыспен қамту айырмасын қысқарту.
- Көші-қон саясатын оңтайландыру – еңбек ресурстарын тиімді бөлу және шетелдегі қазақтарды елге тарту.



ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның демографиялық әлеуеті – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткіші. Елде соңғы жылдары халық саны тұрақты өсіп, өмір сүру ұзақтығы артып келеді.

Мемлекеттік бағдарламалар мен көші-қон саясаты халықтың табиғи және механикалық өсімін қолдауда шешуші рөл атқаруда. Болашақта демографиялық тепе-теңдікті сақтау үшін жастарды қолдау, денсаулық сақтау сапасын арттыру және аймақтық даму саясатын жетілдіру басты міндет болып қала береді.